

## **Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1462 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 64-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1462 қаулысымен  
бекітілген

## **Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді әрі халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру тәртібі мен ш а р т т а р ы н б е л г і л е й д і .

2. Халықаралық қатынастардағы жолаушылар тасымалы (транзитті қоса

алғанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Облысаралық қатынастардағы жолаушылар тасымалы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шарттарда жүргізіледі.

4. Халықаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұлттық тасымалдаушы жүзеге асырады, облысаралық қатынастарда - бәсекелестік негізде жүзеге асырылады.

## **2. Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру тәртібі**

5. Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыру мынадай кезеңдерді:

1) халықаралық және облысаралық қатынастардағы поездар қозғалысы кестесін және оларды қалыптастыру схемаларын әзірлеуді;

2) халықаралық жолаушылар тасымалын аумақтары арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын шетел мемлекеттерінің магистральдық инфрақұрылымын ұстау мен пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалармен келісуді;

3) халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар поездарына қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қамтиды.

6. Халықаралық және облысаралық қатынастардағы жолаушылар поездары қозғалысының кестесін әзірлеу бастапқы пункттерден шығу және соңғы пункттерге келу, сондай-ақ ірі елді мекендерге келу мен шығу кезінде жолаушылар үшін қолайлы уақытты қамтамасыз ету қағидатын ескере отырып жүзеге асырылады.

7. Поездарды қалыптастыру схемаларын әзірлеу кезінде тасымалдаушы тұрақты айналымдағы жолаушылар вагондарының санын, құрамдарды қалыптастыру және олардың айналымы, тікелей қатынайтын вагондарды ағыту мен тіркеу пункттерін, жол жүру бағытында жолаушылар поездарына техникалық қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

8. Жаңа облысаралық қатынастарды ұйымдастыруды тасымалдаушы магистральдық темір жол желісінің техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырады.

9. Қозғалыс кестесінде көзделмеген қосымша жолаушылар поезын тасымалдаушының тағайындауы немесе вагондарды қосымша қосу халықаралық және облысаралық қатынастардағы жолаушылар ағынының күтілетін көбеюі жағдайында жүргізіледі.

10. Халықаралық қатынастарда поездар немесе вагондар санын көбейту,

сондай-ақ поездар қозғалысының кестесінде көзделген жолаушылар поезының немесе тікелей қатынайтын вагонның қозғалысын тоқтатуды тасымалдаушы аумақтары арқылы тасымалдау жүзеге асырылатын шетел мемлекеттерінің магистральдық инфрақұрылымын күтіп ұстау мен пайдалануды жүзеге асыратын тұлғалармен келіскеннен кейін магистральдық темір жол желісі операторымен бірлесіп жүргізеді.

11. Жолаушылар тасымалы жолаушыларды отырғызу мен түсіру үшін ашық барлық темір жол станциялары мен тоқтау пункттері арасында жүзеге асырылады.

12. Халықаралық және облысаралық қатынастарда орындарды есепке алуды ұйымдастыру, бос және босайтын орындар туралы ақпарат беру және оларды іске асыру автоматтандырылған (электрондық) басқару жүйесі арқылы және/немесе жөнелту станциясынан поездың жүру жолы бойынша қол тәсілімен жүргізіледі.